

"ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі жөнінде

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 5 қазан 1994 ж. N 177-ХІІІ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z946000 _ жарияланған күннен бастап күшіне енгізілсін.
2. Қазақстан Республикасының заңдары алдағы уақытта "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Заңмен сәйкестендірілгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң құжаттары осы Заңға қайшы келмейтін бөліктерінде қолданылатын болып белгіленсін.
3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті екі ай мерзімде:
 - Үкімет шешімдерін "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен сәйкестендірсін;
 - Қазақстан Республикасының министрліктері мен мемлекеттік комитеттері "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келетін өз қалыпты құжаттарын қайта қарауын және күшін жоюын қамтамасыз етсін;
 - ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі

орталықтардың материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде шұғыл шаралар қолдансын;

- ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар мен қан құю стансаларын лабораториялық жабдықтармен жарақтау үшін қажетті қаражат, оның ішінде валюта іздестірілсін;
- ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Республикалық орталық салу мәселесін қарасын.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК